

## Жамбыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің қағидаларын бекіту туралы

Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 24 маусымдағы № 262 қаулысы

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 4-тармағының б) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 бұйрығына сәйкес, Жамбыл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жамбыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу қағидалары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Алматы облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорының филиалына жіберуді.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жамбыл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Ертас

Бекітілген Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының шешімімен бастап \_\_\_\_\_ 2025 жыл № \_\_\_\_

## Алматы облысы Жамбыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Объектінің атауы	Есеп бірлігі	Есеп айырысу нормалар жинақтау, м3 / жыл
1	2	3	4
1.	Абаттандырылған үй иелері	1 тұрғын	1,86

	Абаттандырылмаған үй иелері	1 тұрғын	1,97
2.	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және басқа да осындай нысандар	1 орын	0,96
3.	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,921
4.	Балабақшалар, бөбекжайлар және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,58
5.	Мекемелер, ұйымдар, кеңселер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 жұмысшы	1,05
6.	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келу	0,04
7.	Ауруханалар, өзге де емдеу-алдын алу мекемелері	1 төсек-орын	0,69
8.	Мектептер және басқа оқу орындары	1 оқушы	0,19
9.	Мейрамханалар, кафелер, басқа да ойын-сауық орындары мен қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,41
10.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, казинолар, Ойын автоматтары залдары, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,18
11.	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы ауданы 1 м2	0,01
12.	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,2
13.	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы ауданы 1 м2	0,09
14.	Азық-түлік және Өнеркәсіптік дүкендер, аралас дүкендер	1 м2 сауда алаңы	0,38
15.	Машина саудасы	1 м2 сауда алаңы	0,78
16.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, науалар	1 м2 сауда алаңы	0,47

17.	Көтерме базалар, өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының қоймалары	1 м2 жалпы алаңы	0,14
18.	Тұрмыстық үйлер: халыққа қызмет көрсету	1 м2 жалпы алаңы	0,55
19.	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	1 м2 жалпы алаңы	0,35
20.	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	1 м2 жалпы алаңы	0,26
21.	Дәріханалар	1 м2 сауда алаңы	0,55
22.	Автотұрақтар, автокөлік жуу орындары, ЖҚС	1 машина орны	5,19
23.	Автокөлік шеберханалары	1 жұмысшы	1,57
24.	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гараж үшін	0
25.	Шаштараздар, сұлулық салондары	1 жұмыс орны	0,97
26.	Кір жуу, құрғақ тазалау, тұрмыстық техниканы жөндеу, тігін ательесі	1 м2 жалпы алаңы	0,11
27.	Зергерлік шеберханалар, аяқ киім жөндеу, сағат	1 м2 жалпы алаңы	0,21
28.	Шағын жөндеу және қызмет көрсету (кілттерді дайындау және т. б.)	1 жұмыс орны	0,18
29.	Моншалар, сауналар	1 м2 жалпы алаңы	0,42
30.	Қала аумағында жаппай іс-шараларды ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,12
31.	Бау-бақша кооперативтері	1 жер алаңы	0

Алматы облысы Жамбыл ауданы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған халық үшін тарифтер

Атауы	Өлшем бірлігі	Құны (қосылған құн салығынсыз, теңге)
Абаттандырылған үй иелері	на одного человека в месяц	521,05
Абаттандырылмаған үй иелері		551,87
Жылдық бірлік тарифі (көлемі)	1 м3	3 361,64

Ескерту.

Аббревиатураның транскрипциясы:

м2-шаршы метр;

м3-текше метр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК